

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Қазіргі тілмен айтқанда, өз тілінде бағалауыштық лексиканы ұтымды қолдана білді. Қазіргі тілмен айтқанда, өз тілінде бағалауыштық лексиканы ұтымды қолданды. Сол арқылы қазақ қоғамына жақсы менен жаманды ажыратуға, өз ортасын бағалай білуге, салыстыра білуге жөн сілтеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мәдібаева Қ.Қ. Абайтану;оқу құралы // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы.2020.С.151-153.
2. Мұратбек.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі баға, бағалау, бағалауыштық лексиканың зерттелуіне шолу. Ақтөбе.2014.
3. Нұрғожина Ш.И. Эмоциональность и экспрессивность высказывании устной речи // Вестник КазГУ. Серия филологическая. № 48.2001.С.30-34.
4. Момынова Б.Қ. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). Алматы.2003.С.228.

ӘОЖ 81-22

Б. МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРГЕ АССОЦИАТИВТІ ТАЛДАУ

Кенжехан Айдана Оралбекқызы

Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
2-курс магистранты
Астана, Қазақстан

Тіл жылдар бойы қалыптасып, халықтың тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен тығыз байланысып, қайнап жатқан күрделі процес болғандықтан, ескіріп, жаңарып, жаңғырып отырады. Тілдің табиғатын бұзбай, ондағы сан мыңдаған сөздердің лексика-семантикалық мағынасын түгелдей жаттап алу немесе есте сақтау мүмкін емес. Тіпті сөйлеу барысында күнделікті қолданыстағы кей сөздерді ұмытып, алмастырып алатын кездер де болып тұрады. Мұндай жағдайда адам жадында автоматты түрде сөздің ассоциативті қабаты ойға оралады. Ассоциативтілік дегеніміз – белгілі бір атауды естігінде немесе айтқанда, ең алғаш ойыңа келетін визуалды реакция. Оның ғылымда пайда болуы адамдардың өзге тілді үйренуі мен кішкен балаларға ана тілін жетік меңгертудегі тілдік тәжірибелер себеп болды. Сонымен қатар, сөздің ассоциативтік өрісін зерттеу және айқындау тілдегі әртүрлі сөздердің бір-бірімен өзара семантикалық, этимологиялық байланысын анықтауға мүмкіндік туғызады.

Қазақ тіл білімінде ассоциативті эксперименттер ХХ ғсырдың 60-70 жылдарында жасала бастады. Кеңес үкіметінің үстемдегі артып, тілге түрлі ғылым салалар тарапынан ден қойыла бастаған шақта орысша-қазақша сөздіктер жасау ісі қолға алынды. Сол кезеңде қазақ тіліндегі сөздердің орыс тілінде қандай ассоциативті реакция тудыратын айқындап, екі тіл арасындағы өзара ұқсастықтар мен байланысты анықтау мақсатында тілдік эксперименттер жүргізілді. Ассоциативті тәжірибе жайында зерттеу тілші ғалымдардың ғылыми қызығушылығын оятты.

2014 жылы жарық көрген «Казахский ассоциативный словарь» еңбегінде ассоциативті эксперимент жайында және оның қалай өткізілетіні туралы былай делінген: «Свободный ассоциативный эксперимент (САЭ) состоит в том, что большому количеству респондентов (от 500 до 1000 и более, что обеспечивает надежность объективность экспериментальных данных) предлагается ответить на заданные слова-стимулы (S) первыми пришедшими в голову ассоциациями – ассоциативными реакциями (R). Такие эксперименты проводятся в форме группового письменного опроса (анкетирования или тестирования) по общепринятой методике на основании апробированного и распространенного в международной практике списка слов-стимулов. На сегодняшний день САЭ является одним из наиболее простых и действенных способов исследования языкового сознания. С помощью этого метода можно проникнуть в

неосознаваемые слои языкового сознания и опосредованным путем (через ассоциации) установить связи между словами и отражающимися в них понятиями. Это дает возможность судить об особенностях функционирования языкового сознания человека и о способах построения речевого высказывания обычно неосознаваемыми носителями и не выявляемых другими способами исследования» [1, 5].

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенетін болсақ, ассоциативті эксперимент жасаудың бірнеше тәсілдері бар. Олардың негізгілері – сауалнама мен тест жүргізу. Сауалнама барысында қатысушылар берілген сөздерге қатысты өз пікірін толыққанды жеткізе алады. Ал тестілеу кезінде тандалған сөзге барынша сәйкес келетін жауаптарды таңдау арқылы ассоциативті реакцияның статистикалық көрсеткішін анықтайды.

Біздің тәжірибемізде ассоциативті эксперимент сауалнама түрінде жүргізілді. Сауалнаманы толтырушылар саны 52-ні құрады. Жас ерекшелігі бойынша айтатын болсақ, 18 бен 25 жас аралығындағы адамдар қатысты. Ассоциативті экспериментке қазақтың майталман жазушысы, әңгіме жазудың хас шебері Бейімбет Майлин шығармаларында кездесетін 22 көнерген сөз алынды. Олар: *дуан, уәзір, албар, ылау, елубасы, би, пұл, көзге, пүліш, күйенте, ежен, боқша, қорым, үрпек, малай, күпі, желпен, ауылнай, ақтар, қызылдар, шидем, сәтен*.

Сауалнамада берілген көнерген сөздердің бір тобын ел басқару ісіне қатысты қолданылған *дуан, уәзір, би, ауылнай* атаулары құрайды. Мұндай көнерген аталымдар басқа тақырыптар мен топтарға қатысты көнерген сөздерге қарағанда, семантикалық тұрғыдан жалпақ жұртқа әлдеқайда түсініктірек екені байқалды. Мұның себебін тарихпен байланыстырып көрелік. XVII-XIX ғасырларда ел басқару ісіне қатысты сөздер күнделікті сөйлеу тілінің ажырамас бір бөлігіне айналды. Әкімшілік-саяси тұрғыда үкімет тарапынан 1867-1868 жылғы «Уақытша ереже» мен сол ғасырдың 80-90-жылдарындағы жаңартылып, толықтырылған «Ережелердің» мазмұнында ел басқаруға қатысты лауазым аттары халыққа кеңінен таныстырылды. Халықты әкімшілік-саяси басқарудың хандық жүйесі орнап тұрған шақта, күнделікті қолданыстағы актив сөздерді басқару ісіне қатысты атаулар құрағаны рас. Мұндай атаулар XX ғасырдың соңғы ширегіне дейін қолданылып келді. Бірте-бірте күнделікті сөз қолданысынан ығыстырыла бастады. Қазіргі таңда мүлде қолданыста жоқ болғанмен, мағынасы жалпақ жұртқа түсінікті. Ел басқару ісіне қатысты мұндай көнерген аталымдар заман талабына сай жаңа сөздермен алмастырылып, жаңаша сипатқа, жаңаша мәнге ие болды.

Уәзір сөзіне берілген ассоциативті реакциялар семантикалық тұрғыда бір-біріне өте жақын. 26 қатысушы «ханның кеңесшісі» деп жауап берген екен. Қатысушылар көрсеткен ассоциативті реакциялардың тізбегін «патшаның көмекшісі», «ақылды, сенімді адам», «ханның ақылшысы, кеңесшісі» деген сөз тіркестері құрады. *Уәзір* сөзін естігенде, адамдар бірден ханды, ел билеген патшаны елестететіні нақты айқындала түсті. Жоғарыда себебін көрсеткеніміздей, өткен ғасырларды билік лауазымдарының ішіндегі ең жоғарғысы *хан*, одан кейінгісі *уәзір* болған. Қазіргі таңда мүлдем қолданыстан шығып кеткен бұл көнерген атаулар өзінің бастапқы мағынасын сақтап, семантикалық тұрғыда өзгеріске ұшырамаған. *Уәзір* дегенде, жастардың ойына ақылы толасқан, хан сенім білдіре алатын ақылды тұлға елестейтініне сауалнама нәтижелерінен көз жеткізуге болады.

Ел басқару ісіне қатысты көнерген атаудың бірі – елубасы. *Елубасы* сөзінің анықтамасы мынадай – «*әрбір елу сарбаздың басшысы, патша жанындағы би-болыстың ел ішіндегі сайлап қойған уәкілі*» [2, 173].

Елубасы сөзіне қатысты ассоциативті сөздер тізбегінің басым бөлігін «*әскербасы*» атауы құрады. Басқа қатысушылар «*қол басқаратын адам*», «*қолбасшы*», «*басшы*» нұсқаларын көрсеткен. Бірақ барлығына ортақ мағына – басқарушы тұлға, басқарушы адам. *Әскер* түбірі қазіргі таңда басқа бір сөзбен тіркесіп келіп, термин сөз қатарында белсенді қолданылады. Мәселен, *әскери экономика, әскери кеңес, әскери ғылым, әскери резерв, әскери-транспорт, әскери жарғы, әскери қызмет, әскери өнер, т.б.*

Ауылнай деп ең төменгі қызметті орындайтын адамды атаған. Яғни ауыл ішіндегі адамдардың әлеуметтік-қоғамдық жұмыстарына жауап беріп, аулы тұрғындарына жауапты адамның лауазымы. Бұл көнерген атау болғанымен, ауыл түбірі жеке сөз ретінде актив

қолданыста. Сауалнамаға қатысушылардың 5-еуі «*кіші әкімшілік қызметкер*», «*төменгі қызметті орындайтын адам*» деген жауаптарды ұсынған. Қалған қатысушылардың жауаптары екі нұсқада: біріншісі – «*ауыл әкімі*», екіншісі – «*ауыл басшысы*». Бұрындары *старишын, уезд басшысы, болыс, ауылнай* деген лауазымдардың бәрі қазір *әкім* атауына өзгертілген. Облысты басқаратын адамды облыс әкімі, аудан басшысын аудан әкімі, ауылды басқаратын адамды ауыл әкімі деп әкімшілік басқару аймағына қарай атап айтады. Осыған байланысты *ауылнай* сөзінің ассоциативті тізбегін құрайтын аталымдар ауылнай атауының ішкі семантикалық мағынасын сақтап тұрғанын байқауға болады. Атаудағы – най сөз тудырушы жұрнағы қолданыстан шығып, сөздің тек түбірі сақталған.

Дуан сөзінің өткен ғасырларда округ, бекініс, аймақ дегенді білдірген. XIX ғасырда патша үкіметінің үстемдігі орнап тұрған шақта аймақтарды бөліп, дуан деп атаған. Дуанды басқаратын адамды *дуанбасы* дейтін болған. Бұл атау қазіргі сөз қолданысынан шығып қалған. Семантикалық мағынасы да көп адамға түсініксіз. Бұған сауалнама қатысушыларының көрсеткен ассоциативті нұсқалары дәлел бола алады. 11 қатысушы «*аймақ*», «*жер*», «*облыс*» деген нұсқаларды көрсетсе, қалған қатысушылар дуан сөзін дуана сөзінің екінші бір нұсқасы ретінде таниды екен. Яғни, сауалнама нәтижелері бойынша *дуан* көнерген атауының ассоциативті тізбегін құратын болсақ, басым бөлігін «*дуана*», «*қаңғыбас адам*», «*кейуана*», «*ел кезіп жүретін адам*» сынды сөздер мен сөз тіркестері құрайды. Мұның басты себебі ретінде *дуан* мен *дуана* атауларының фонетикалық жағынан бір-біріне жақын болуын, орфографиялық сипатта ұқсас келуін көрсетуге болатын шығар. Бірақ екеуінің семантикалық мағынасы бір-бірінен мүлде алшақ. *Дуан* сөзі, жоғарыда атап өткендей, белгілі бір аймақтың атауы болса, *дуана* – дүниеден баз кешіп, өмірдің барлық материалдық байлығынан бас тартып, ел-жерді аралап жүретін адам. *Дуана* сөзі парсы тілінің *диуана* атауынан енген. Демек көнерген аталымдардың ассоциативті тізбегі оның фонетикалық, орфографиялық аспектілерімен де тығыз байланысты болады.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, ел басқару ісіне қатысты көнерген аталымдардың арасында жалпақ жұртқа ең түсінікті болғаны *би* атауы екеніне көз жеткіздік. Барлық қатысушылардың жауабы мағыналық тұрғыдан бірдей болды десек те болады. *Би* сөзінің ассоциативті тізбегін құрайтын сөздер мен сөз тіркестері мыналар: *бір ауыз сөзге тоқтау, елге сыйлы, билік жүргізетін, сөзі өтетін ақылды адам, ақыл айтушы, кеңес беруші, ел ішіндегі мәселелерді шешетін адам, қоғамның белді мүшесі, дана, әділ, ақыл айтатын сот адамы, т.б.*

«*Дана*», «*әділ*» сынды кейбір жауаптардың *би* болған адамдардың тұлғалық, адамдық, моральдық қасиеттерін сипаттаушы сөздер екенін аңғарсақ, ал «*ел ішіндегі мәселелерді шешетін сот адамы*» деген нұсқада оның атқарған қызметін тануға болады. Біздің дәуірімізге дейін жаугершілік замандарда Ата заңның орнына Жарғылар мен ережелер қолданылып, сот жүйесінде билердің сөзі басым болды. Ел арасында туындаған түйткілді мәселелер мен адамдар арасындағы талас-тартысты қара қылды қақ жарған билер әділ шешім шығарып, шешіп отырған. Ханның кеңесшісі, ақылшысы да болып, елге өсиет айтып отырған. Билердің осы қызметі халық арасында нық сенім тудырып, құрметке бөлеген. Билер жайында тек тарихта жазылып қоймай, олардың өнегелі мұрасы, шешендік сөздері бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келе жатыр.

Ассоциативті эксперимент негізінде қол жеткізген нәтижелерді зерделей отырып, кейбір көнерген аталымдардың арада ғасырлар өтсе де, түпкі мағынасын сақтап қалып қана қоймай, әлі күнге дейін жалпақ жұртқа түсінікті екенін ескеруіміз керек. Жоғарыда сөзіміздің айғағы ретінде *уәзір, би* атауларын мысал ретінде келтірсек, көнерген аталымдардың құрамына кіретін *пұл* сөзі де – осы тұжырымыздың тағы бір дәлелі. Сауалнамаға қатысушылардың барлығы *пұл* сөзінің ассоциативті тізбегіне *ақша, тиын* сөздерген жатқызған.

Дегенмен де, көнерген аталымдар сөз қолданысындағы белсенділігін жоғалтып қана қоймай, халықтың жадынан мүлдем шығып кететін қасиетке ие. Ассоциативті экспериментке

таңдап алынған *ылау*, *боқша*, *үрпек* сөздерінің ассоциативті реакциясы аталмыш аталымдардың семантикалық мағынасынан алшақ болды.

Ылау атауына қатысты жауаптардың бір легі «арба», «*ат арқылы жүретін көлік түрі*», «*көлік*» деген сөз тіркестерін құраса, кейбір қатысушылар «*түсініксіз*», «*бұрын-соңды естімедім*», «*бұл сөзді білмеймін*» десе, ал кейбірі тіпті ешқандай жауапсыз қалдырған екен.

Үрпек көнерген атауына қатысты ассоциативті реакцияларды үш топқа жіктеуге болады:

1) *Балапан*: бүркіттің балапаны; жүні енді ғана шығып келе жатқан балапан; сары уыз балапан; үрпиген балапан, жүні жетілмеген балапан.

2) *Қорқақ*: бір нәрседен қорқу; үркіп кетті; үркіту.

3) *Жер*: шұрайлы жер, шөбі қалың өскен аймақ.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *үрпек* сөзіне «бүркіттің мамығы енді ғана шыққан балапаны» [3, 632] деген анықтама берілген. Бірінші топтағы ассоциативті нұсқалар сөздікте берілген мағынасымен сәйкес келеді. Үшінші топтағы ассоциативті реакцияларды да *үрпек* атауының мағынасына сәйкес деп тануға болады. Себебі кейбір аймақтық сөздіктерде, сөз қолданысында *үрпек* сөзі «шұрайлы жер» мәнінде жұмсалады. Ал екінші топтағы нұсқалардың себептерін іздеп көрелік. Қазақ тілінде қорқу сөзімен синонимдік қатар түзетін *үрку* деген сөз бар. Қорқу – қорқақ сөзінің етістік нұсқасында жұмсалуды: бір нәрседен қорқу, сескену, үрку. «Балапаным сары үрпек, Әрі қорқақ, әрі үркек» деген балаларға арналған өлең жолдары да бар. Үркек деп әр нәрседен шошынғыш, үрки беретін малды атайды. Үрку сөзінің *үрпек* атауымен дыбысталу жағынан ортақ ұқсастықтары бар болғандықтан, бір қарағанда, *үрпек* көнерген атауы *үркек*, *үрку*, *қорқақ* сөздерімен ассоциация тудыруы мүмкін.

Көнерген аталымдарға жасалған ассоциативті экспериментке мата мен киімге, бұйымдар мен заттарға қатысты *көзе*, *боқша*, *пүліш*, *сәтен*, *күпі*, *желпен*, *шидем* сөздерін алдық.

Боқша көнерген атауы қазіргі таңда мүлде қолданыста жоқ. Бірақ өткен ғасырларда қазақтың көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларды жиі кездеседі. Мәселен, *Жақып егін туралы мақала басылған газеттерді боқшасына салып, боқшаны қанжығасына байлады* (Б.Майлин). *Боқша* дегеніміз – «иленген ешкі терісінен немесе былғарыдан тігілген қалта, сөмке» [4, 436]. Бұған қатысты 6 адам «дорба» атауын, 45 адам «сөмке» атауын көрсетсе, 1 адам «киізден тігілген сөмке» деп жауап берген. Дорба дегеніміз де – заттар мен бұйымдар, ұсақ-түйектер салуға арналған қапшық. Сөмке мен дорбаның атқаратын қызметі ортақ. Жалпылай алғанда, *боқша* атауына қатысты ассоциативті реакциялардың барлығы дерлік бұл көнерген сөздің семантикалық мағынасын көрсете білген.

Көнерген аталымдардың актив сөздерден пассив сөздерге айналғанда, мағынасы көмескіленсе де, жалпақ жұртқа түсінікті болуы өзі белсенді қолданыста болған заманның тарихи-саяси, мәдени-қоғамдық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен де байланысты болатыны рас. Мәселен, *көзе* сөзі қазіргі күнделікті сөйлеу тілінде кездеспейді. Дегенмен, оның білдіретін мағынасы құмыра екенін, өткен дәуірлерде қыш-құмыраны *көзе* деп атағанын барлық қатысушылар дәп басып көрсеткен.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, қазіргі жастардың мата атауларына қатысты көнерген сөздерді жақсы білетініне көз жеткіздік. Себебі *пүліш*, *сәтен*, *шидем* аталымдарына қатысты ассоциативті реакциялардың көп бөлігін «мата» сөзі құрайды. *Пүліш* те, *сәтен* де – жай ғана мата емес, сапалы, бағалы мата түрлері. Осы қасиетін сипаттаған қатысушылардың жауаптары мынандай болды: «*қымбат саналатын бағалы мата*», «*сапалы матаның түрі*», «*жоғары бағаланған мата*», т.б. Екі қатысушы *сәтен* көнерген аталымына қатысты ассоциативті сөз ретінде «жылтыр» атауын жазады. *Сәтен* матаның өзі көбіне сөйлек тігуге арналған, сапасы да жоғары жылтыр мата болғандықтан, «жылтыр» атауы аталмыш көнерген атаудың семантикалық мағынасын айқындай алады.

Шидем атауына «Қазақ тілінің әдеби сөздігінде» «*жүннен тоқылып істелетін жылы сырт киім*» [5, 360]. деген анықтама берілген. Кейбір әдеби деректере мата, шидем шекпен, шапан деп те айтылады. Сондықтан *шидем* көнерген атауы қатысушылардың арасында

бірнеше ассоциативті реакцияларды туғызған, олар: біріншісі – *мата* атауы болса, екіншісі – *сырт киім*, үшіншісі – нақты көрсетілген *шапан*, *шекпен* сөздері.

Көнерген аталымдарға ассоциативті эксперимент жүргізу нәтижесінде қол жеткізуге мүмкіндігі бар мәліметтің бірі – қатысушылардың ұлт тарихынан, тіл тарихынан қаншалықты хабардар екенін айқындау. Тіліміздегі көнерген аталымдардың бір бөлігін тарихи, әскери сөздер құрайтын болғандықтан, олар күделікті өмірде қолданылмаса да, семантикалық мағынасы жалпақ жұртқа түсінікті болады. Сөзімізді растау үшін сауалнамаға таңдап алынған ақтар мен қызылдар атауларының ассоциативті нәтижелерін қарастыралық.

Ақтар мен *қызылдар* – Қазан төңкерісінен кейін Ресей елінде Азамат соғысы тұсында пайда болған атаулар. Сол кездегі қоғам ақтар және қызылдар болып екіге бөлінеді. *Қызылдар* – Кеңес үкіметін жақтаушылар да, *ақтар* – оларға қарсы шыққандар. Тарихқа тереңнен үңілетін болсақ, қазақ халқына ақтардың да, қызылдардың да тигізген зардабы аз болған жоқ. Олардың соғысынан қарапайым жергілікті халық көп қиындық көрді. Сауалнамаға қатысушылардың жартысы қазақ тарихына қатысты өз пікірлерін қоса білдірген: «*Кеңес үкіметін жақтаған әскерилер*», «*Кеңес үкіметіне қарсы шыққан әскер*», т.б.

Бұл көнерген аталымдарға қатысты түсініксіз, белгісіз жауаптар мүлде жоқ. Демек, сауалнама нәтижелері бойынша ақтар мен қызылдардың ассоциативті реакциялық өрісі олардың өткен ғасырларда қандай мәнде жұмсалғанын айқындай алады. Жауаптар көнерген атаулардың лексика-семантикалық мәнінен алшақтамаған.

Көнерген аталымдар – белгілі бір уақытта актив сөздердің қатарында болып, уақыт өте келе, мағынасы бұлыңғырланып, халықтың сөйлеу тілінен шығып қалған сөздер. Адамның дүниеге келіп, өсіп-өніп, өлетіні секілді, сөздің де өмір сүруінің қысқа немесе ұзақ мерзімі бар. Актив сөздер пассив сөздерге айналып, олардың орнын жаңа сөздер алмастырып отырады. Сөздердің көнеруі адамзаттың технологиялық, экономикалық, материалдық-тұрмыстық жағдайының дамуымен, мәдениетінің өркендеуімен тығыз байланысты. Сондықтан, сөз халықтың ой-санасынан, танымынан пайда болатын бірлік болғандықтан, халықтың жадында түрлі ассоциацияларды тудыратыны анық. Тіпті мүлде қолданылмайтын атаудың өзіндік ассоциативті өрісі болады. Тілдің табиғаты мен өзге тілдермен байланысын, сондай-ақ сөздердің бір-бірімен өзара байланысын, ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ғылыми тұрғыда анықтау үшін сөздерге ассоциативті тәжірибе жүргізудің маңызы зор. Ассоциативті зерттеу тілдегі сөздерге қатысты ұғымдар мен категорияларды, түсініктер мен тұжырымдарды зерделеуге мүмкіндік туғызады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Молданова Ж.И., Мезенцева Е.С., Абрамова Г.И., Дмитрюк Н.В., Молдалиева Д.А., Нарожная В.Д., Сандыбаева Н.А. Казахский ассоциативный словарь / Қазақша ассоциациялық сөздік. – Мин-во образования и науки РК; Южно-Казахстанский государственный педагогический институт; Институт языкознания Российской Академии наук... – Алматы; Москва: Медиа-ЛогоС, 2014. – 340 с.
2. Қазақ тілінің сөздігі: 50 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері қамтылған. / Құрастырғандар: Ә.Болғанбаев [ж. б.]. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 1999. – 776 б.
3. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. III том. Құрастырғандар: Б.Сүйерқұлова, С.Жалақов, Т.Жанұзақов [ж. б.]. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – Б-Б. – 744 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. XV том. Құрастырғандар: А.Жаңабекова [ж. б.]. – Алматы: Тілтаным, 2011. – Ү-Я. – 823 б.